

Әл-Фараби атындағы кітапхана

Мәжіліс


Ұлы Даланың дарын иесі

Кітапхана қорының топтамасы

Шәкәрім Құдайбердіұлы (11 шілде (24 шілде) 1858 - 2 қазан 1931) – ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор. Абаймен замандас әрі інісі, әрі ол негізін салған реалистік әдебиет дәстүрлерін алға апарушы ізбасары. Өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеуметтік сыр-сипаттарын көре білуде, қоғам мен адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуде, туған халқына түзу жол көрсетуде Құдайбердіұлы Абай бағытын ұстанды. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың Күңке деген бәйбішесінен туған, яғни Абайдың туған ағасы. Шәкәрім бес жасында ауыл молдасына оқуға беріледі де онда жеті жасына дейін оқиды. Жеті жасында әкесінен жетім қалған ол бұдан былайғы кезде Абайдың тікелей тәрбиесінде болады. Өскен ортасының аса бай дәстүрлері мен Абай ағасының тәрбиесі табиғатынан зерек Шәкәрімнің жетімдік көрмей өсуіне ғана емес, оның талантты ақын, парасатты ой иесі болуына да зор ықпал жасады. Шәкәрімнің өзі кейінірек былай деп жазады: «Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды, сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік һәм Алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді, ержеткен соң сол кісіден тағлым алып, әр түрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, азғана ғылымның сәулесін сездім». Кезінде арнайы оқу орындарында оқып білім алмаса да, ез бетінше ізденіп және Абай ағасының жетекшілігімен жан сарайын байытқан Құдайбердіұлы заманында қазақ арасындағы аса білімдар адамдардың бірі болды. Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік білді. Ол адамдар өмірін жақсартуға тырысқан ғалымдарды мысалға келтіреді.

Шәкәрім Құдайбердиев ұлы ұстазы Абай ағасындай реалист суреткер еді. Бұл кітапқа енген туындыларда ақынның демократиялық, халықтық және адамгершілік асыл көзқарасы бейнеленген.

Құдайбердіұлы, Ш. Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар. / Құраст. М.Мағауин. - Алматы : Жалын, 1988. - 256 б.



Жинаққа ақынның нақты өмір суреттерін, махаббат мәңгілігін, табиғат әсемдігін өзек еткен, сондай-ақ, ақылгөйлік, ағартушылық, әлеуметтік – әшкереушілік сипаттағы өлеңдерімен қоса «Ләйлі - Мәжнүн», «Қалқаман - Мамыр», «Еңлік - Кебек», «Нартайлық пен Айсұлу» сияқты ауқымды эпикалық поэма, дастандары мен прозалық шығармалары, қара сөздері іріктеліп, топтастырылып беріліп отыр.

Шәкәрім (Құдайбердиев, Ш. Шәкәрім). Шығармалары [Текст] : өлеңдер, дастандар, қара сөздер / Шәкәрім (Құдайбердиев, Шәкәрім). - Алматы : Жазушы, 1988. - 560 б.



Бұл жинаққа Ш. Құдайбердіұлының әлеуметтік, ағартушылық, ақылгөйлік сипаттағы өлеңдері және «Ләйлі–Мәжнүн», «Қалқаман - Мамыр», «Еңлік - Кебек» атты эпикалық поэмалары беріліп отыр. Жинақ мектеп мұғалімдері мен оқушыларына арналған.

Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Ш. Шәкәрім). Өлеңдері мен поэмалары [Текст] / құраст. Х. Сүйіншәлиев. - Алматы : Рауан, 1990. - 208 б.

Бұл жинаққа творчестволық өмір жолы жұртшылыққа әлі толықтай таныла қоймаған қазақтың көрнекті философ - ақыны Ш. Құдайбердиевтің тұңғыш рет жиналып, нотаға түсірілген 16 әні енді. Композитор шығармаларының Алматы мемлекеттік консерваториясының фольклорлық лабораториясы қорынан алынған нұсқалары да беріліп отыр.

Кітап ән сүйер қауымға арналады.

Шәкәрім. Аманат: Әндер/ Құраст. Т.Бекхожин. — Алматы: Өнер, 1989. -128 б.



Сәтбаева, Ш. Қ. Шәкәрім Құдайбердиев [Текст] : монография / Қаз. ССР "Білім" қоғамы. - Алматы : Қаз. ССР "Білім" қоғамы., 1990. - 50 б.

**Қасымнан сендер едің менің елім
Аяушы едім қайысып сынып белім.
Тірлігімде тілімді алмасаң да
Өлгеннен соң дерсіңдер қамқоршы ерім...**

Ш. Құдайбердиев

Оқушы қауымның назарына ұсынылып отырған кітапшада Ш.Құдайбердиевтің ақын, аудармашы ретіндегі творчестволық келбеті жатық тіл, байсалды пайымдауларымен биік өреде көрсетілген.





«Үш анық» деп аталатын бұл философиялық еңбегі автордың репрессияға ұшырауына байланысты жарты ғасырдан астам уақыт оқырман назарынан тыс қалып келді. Қазір Шәкәрімнің творчестволық мұрасы халыққа қайта оралды. Автор бұл еңбегінде батыс, шығыс философтарының материалистік және идеалистік еңбектерін кең көлемде, тыңғылықты ой толғанысын ұсынады. Бұл аса құнды еңбек шын мәнінде XIX және XX ғасырдағы Қазақстандағы философиялық ойдың шыңын көрсетсе керек. Көпшілік оқырманға арналған.

Құдайбердіұлы, Шәкәрім. Үш анық [Мәтін] : монография / Ш. Құдайбердіұлы ; Қаз. ССР ҒА, М. О. Әуезов атын. әдеб. және өнер ин-ты. - Алматы : Қазақстан және "Ғақлия" ғылыми-әдеби орталығы, 1991. - 80 б.



Қазақтың шығу тегі, шежіресі жайлы еңбек жазуды ұлы Абай өзінің немере туысы Шәкәрімнің қолға алуына сенім білдірген. Шәкәрім шежіре жазуға кіріспес бұрын көп ізденіп, араб, парсы, түркі тілдерінде жарыққа шыққан еңбектермен танысып, көп мағлұматтар, деректер жинайды, осы мақсатпен қажылыққа екі рет барады. Сөйтіп Шәкәрімнің бұл кітабы 1911 жылы Орынбор қаласында бысылып шығады. Құдайбердіұлы бұл еңбегінде түркі елдерінің ата тегін әңгімелей отырып, қазақ халқының шежіресіне кеңінен тоқталып, тарих түкпірінен ой өкшелейді. Шәкәрімнің бұл еңбегінің құндылығы өзіне дейін халқымыздың ата тегі жайлы ауызша айтылып келген шежірелерді бір жүйеге түсіріп, хронологиялық тәртіппен арнайы түрде баяндап беруінде.

Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Шәкәрім) Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі [Текст] / Шәкәрім) Шәкәрім (Құдайбердіұлы. - Алматы : Қазақстан Сана, 1991. - 80 б.



Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты» атты еңбегі 1911 жылы Орынборда басылып шықты. Ақынның репрессияға ұшырауына байланысты оның басқа шығармаларымен бірге бұл кітабы да ұзақ уақыт оқырман қауым назарынан тыс қалып келді.

Оқырман қауым сондай-ақ діни наным, парызға байланысты сұрақтарға жауап таба алады. Қазіргі жариялық кезеңде ойшыл ақынның үлкен мақсатпен жазған бұл кітабын көпшілік игілігіне ұсынуды жөн көрдік.

Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Ш. Шәкәрім). Мұсылмандық шарты [Текст] : монография / Ш. Шәкәрім). Шәкәрім (Құдайбердіұлы. - Алматы : Қазақстан, 1993. – 80 б.

А. Х. Қасымжанов

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ
ЗИЯЛЫЛАРЫ



Бұл шағын кітапшада көпшілікке онша танымал емес Күлтегін, Тоныкөк, Майқы биден бастап, көпшілікке есімдері жақсы таныс, бірақ осы уақытқа дейінгі сыңаржақты баға берілген, қазақ топырағында дүниеге келген ұлы зиялылары – Кенесары, Мұстафа Шоқай, Шәкәрім, Мағжан, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов т.б. 34 қазақ зиялыларының портреттері (келбеттері берілген).


Бұл кітап – VI ғасырдан бастап XX ғасырға дейін өмiр сүрген адамдардың өмірі тағдыры, іс-қызметтері арқылы берілген қазақ халқының тарихи очеркі.

Қасымжанов, А. Х. Ұлы даланың зиялылары [Текст] : монография / А. Х. Қасымжанов. - Алматы : Қазақ ун-ті, 1996. - 156 б.


Библиографиялық көрсеткіште әр жылдары Шәкәрімтану мәселелері бойынша жарық көрген барлық материалдар қамтылды. Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығына арналған библиографиялық көрсеткіш, осы саладағы алғашқы талпыныс болғандықтан тақырыптық жүйеде берілмей, әр жылғы мақала, материалдарды әліпбилік жүйемен берілді. Келешекте осы қазақ және басқа тілдерде жарық көрген материалдары тақырыптық жүйеге түсіріліп, дамыта жұмыс істелмек. Библиографиялық көрсеткіш зерттеуші мамандарға және аспирант, магистранттар мен студенттерге арналады.

Шаңбай Тарлықұл. Шәкәрімтану. (Библиографиялық көрсеткіш). – Семей- Новосибирск. «Талер - Пресс»: 2006. – 63 б.






Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Шаһкәрім). Шығармаларының үш томдық жинағы [Текст] : жинақ / Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Шаһкәрім) ; Шаһкәрім атын. СМУ. - Алматы; Жидебай : Халықаралық Абай клубы, 2008. - 2 т. : Өкінішті ғұмыр : дастандар, роман, аудармалар, мәнді сөздер, түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі, мұсылмандық шарты. - 430 б.



Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Ш. Шәкәрім). Жол табалық ақылмен [Текст] : шығармаларының бір томдық жинағы / Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Шәкәрім). - Жидебай : Халықаралық Абай клубы, 2006. - 736 б.



Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Шаһкәрім). Шығармаларының үш томдық жинағы [Текст] / (Құдайбердіұлы, Шаһкәрім) Шәкәрім (Құдайбердіұлы ; Шаһкәрім атын. СМУ. - Алматы; Жидебай : Халықаралық Абай клубы, 2008 - .Т. 1 : Қажыма, ойым, қажыма : өлеңдер. - 402 б.



Семейдегі Алаш ирыстары мүражайынан.
Бірінші қатарда (солдан оңға қарай): екінші Тұрағұл Абайұлы,
Кенеші Жантайұлы, Мұқан Жолжанұлы, Ахмет Байтұрсынұлы,
Екінші қатарда (солдан оңға қарай): Елдос Омаров, Сейдітін
Қадірбаев, Қажымұқан Мұңайтпасов, Міржақып Дулатов,
Жұбандин Болғанбек. Семей, 1918 жыл

Бұл кітапқа автордың әр жылдары республикалық басылымдарда жарық көрген, сондай-ақ әзір еш жерде жариялана қоймаған Алаш ұлт-азаттық қозғалысы тақырыбындағы ғылыми-зерттеу мақалалары енгізілген. Шәкәрім және Алашорда тақырыбы еңбектің негізгі арқауы, сонымен қатар, мұнда Алашорда үкіметінің басшыларының қоғамдық-саяси қызметтері жан-жақты әңгіме болады. Еңбекте халқымыздың біртуар перзенттері Х. Ғаббасов, Т.Абайұлы, Б.Сәрсеновтар туралы да мол мағлұмат берілген. Ал, соңғы бөлімінде 1937-1938 жылдардағы сталиндік саяси қуғын-сүргін зардаптары архивтік деректерге сілтеме түрінде баяндалады. Жинақ жалпы оқырман қауымға, педагог мамандар мен студенттерге арналған.



Сыдықов, Ерлан. Шәкәрім және Алашорда [Текст] : ғылыми жинақ / Е. Сыдықов. - Алматы : Раритет, 2008. - 192 б.




Зерттеу қазақтың екі үлкен ақыны Ш. Құдайбердіұлы мен С.Торайғыровтың мұрасына арналып отыр. Бірінші бөлімде шәкәрімтану ғылымының бүгіні мен болашағы, Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт арасындағы рухани байланыс, Шәкәрімнің беймәлім болып келген көсемсөздері зерделеніп және «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясына арнайы жазылған мақалалары берілсе, екінші бөлімде С.Торайғыровтың өмір жолы, шығармашылығы жан-жақты қарастырылған. Зерттеу ғылыми қызметкерлерге, аспиранттар мен магистранттарға, мектеп мұғалімдері мен студенттерге және әдебиет сүйер қалың оқырманға арналған.

Еспенбетов, А. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт [Текст] : ғылыми зерттеу / Еспенбетов, Арап. - Алматы : Раритет, 2008. - 240 б.

Әбдіғазизұлы, Б. Балтабай. Шәкәрім әлемі [Текст] : монография / Әбдіғазизұлы, Балтабай. - Алматы : Раритет, 2008. - 408 б.




Балтабай Әбдіғазизұлының бұл еңбегінде Шәкәрім шығармашылығына негіз болған әдеби дәстүрлердің түп төркініне барлау жасалып, Шәкәрімнің поэзия, проза, көркем аударма саласындағы суреткерлік тұлғасы, әр жанрдағы туындыларының көркемдік бояуы, тақырыптық бағдары, қайталанбас қырлары ғылыми тұрғыдан жан-жақты талқыланды. Шәкәрімнің ақындық әлемі, жазушылық әлемі, аудармашылық әлемі, философ, тарихшы ретіндегі әлемі тұтас көркемдік – эстетикалық құбылыс дәрежесінде тұңғыш рет қарастырылып отыр.



«Шәкәрімтану мәселелері» сериялық ғылыми жинағының бірінші кітабына Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығын қарастырған еңбектер енгізілген.

Жинақтың мақалалар бөлімінде Мұхтар Мағауиннің «Ақын, тарихшы, философ», Қайым Мұхаметханұлының «Шаһкәрім» және Рымғали Нұрғалидің «Еңлік-Кебек трагедиясы» еңбектері берілді. Естелік бөлімінде Ахат Шәкәрімұлының «Менің әкем, халық ұлы - Шәкәрім» естелігі берілген. Шәкәрімтану тарихынан бөлімінде Әлихан Бөкейхановтың «Қалқаман-Мамыр», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезовтің «Абай ақындығының айналасы» мақалалары берілді. Сондай-ақ, қазіргі таңда дайындалып жатқан тұлғалық «Шәкәрім» энциклопедиясының сөзтізбесі де осы кітапқа енгізілген.

Шәкәрімтану мәселелері [Текст] / Семей мем. пед. ин-ты, Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы; [құраст. Т. Шаңбай]. - Алматы : Раритет, 2007 - 1-т. - . - 448 б.





Жинақтың мақалалар бөлімі Жабайхан Әбділдиннің «Алаш азаматтарының ақталуы» мақаласымен ашылады. Шәкәрімтану мәселелері сериялық жинағының 2-кітабына әр жылдары Шәкәрім туралы жазылған Мұхаметжан Қаратаев, Зәки Ахметов, Мүслім Базарбаев, Тұрсынбек Кәкішев, Рахманқұл Бердібай, Шерияздан Елеукенов, Шәмшиябану Сәтбаева, Әнуар Дербісәлин, Немат Келімбетов, Алма Қыраубаева, Ғарифолла Есім, Ерлан Сыдықов, Арап Еспенбетов, Өтеген Күмісбаев, Зейнол-Ғабден Бисенғали, Серик Негимов, Балтабай Әбдіғази, Бақытжан Майтанов, Бақытжан Рақымжанов және Тұрдықұл Шаңбайдың мақалалары енді.

Шәкәрімтану мәселелері [Текст] / Семей мем. пед. ин-ты, Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы; [құраст. Т. Шаңбай]. - Алматы : Раритет, 2007 - 2-т. - . - 373 б.

Шәкәрімтану мәселелері сериялық ғылыми жинағының үшінші кітабына Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығын қарастырған еңбектер енгізілген. Жинақтың мақалалары бөлімі Ғ.Есімнің «Ар білімі» мақаласымен ашылады. Шәкәрімтану мәселелері сериялық жинағының 3 кітабына Шәкәрім туралы жазылған М.Мырзахметұлы, А.Еспенбетов, Қ. Шаяхметұлы, Б. Әбдіғазин, Ө. Күмісбаев, Ө. Абдиманұлы, Т.Жұмажанова, Ө. Сабырова, А. Үсенова, Б. Рахымжанов және А. Аманжолдың мақалалары енді. Шәкәрімтану тарихынан бөлімінде Қайым Мұхамедханұлы, Евней Букетов, Бейбіт Сапаралының мақалалары берілді. Жинақтың келесі – Ғылыми сұхбат бөлімінде журналистер Дәулет Сейсенұлы мен Мұрат Кенемолдиннің Е. Сыдықов, М.Мырзахметұлы, Ғ.Есім, Б.Әбдіғазин және М.Құрманбаймен Шәкәрімге қатысты жүргізген сұхбаттары берілген.

Шәкәрімтану мәселелері [Текст] / Семей мем. пед. ин-ты, Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы; [құраст. Т. Шаңбай]. - Алматы : Раритет, 2007 - . 3-т. - . - 376 б.



Шәкәрімтану мәселелері сериялық ғылыми жинағының 4-ші кітабына Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығын қарастырған еңбектер енгізілген. Жинақтың мақалалар бөлімі Е.Сыдықовтың «Шәкәрім және Алашорда» мақаласымен ашылды. Бұл еңбекке Шәкәрім туралы жазылған Ғ.Есім, А.Еспенбетов, Б.Әбдіғазин, Ө. Абдиманұлы, М.Ескендіров, Ф.Жақсыбаева, С.Маусымбаев, Т.Айтқазин, М.Кенемолдин, А.Кемелбаева, А.Үсенова, Р. Мәмбетбаева, Ф.Бұланова, Қ. Құрманбаева, Е.Жетібай, М.Ізғұттинов және т.б. мақалалары енді. Жинақтың екінші библиографиялық бөлімінде Шәкәрім өмірі мен шығармашылығына арналған шағын библиография берілген.

Шәкәрімтану мәселелері [Текст] / Семей мем. пед. ин-ты, Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы; [құраст. Т. Шаңбай]. - Алматы : Раритет, 2007 - 4-т. - . - 304 б.

Шәкәрімтану мәселелері сериялық ғылыми жинағының алтыншы кітабына Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығын қарастырған еңбектер енгізілген. Жинақтың Ш. Елеукеновтің «Бес арыс қалай ақталды» мемуар-эссе бөлімінде Шәкәрім шығармашылығын ақтау жөніндегі, Шәкәрімнің қайта оралуы туралы нақты деректер берілсе, ғылыми сұхбат бөлімінде Тұрдықұл Шаңбай, Құлыбек Ергөбек, Қинаят Шаяхметұлы, Төкен Жұмажанова, Әділғазы Қайырбеков, Айгүл Ысмақова, Ислам Жеменей, Гүлнар Искакова, Сәттар Өмірзақов, Бауыржан Ердембеков, Бақытжан Рақымжанов, Сұлушаш Бекмырза, Сейдалы Оразалиев, Мақсат Әліпхан, Оралтай Жолымбаев, Нұрбұлан Өтепбаев, Қаныш Бибек, Сағымбай Жұмағұлов, Ғалия Қамбарбекова, Нұргүл Ағалиева, Мақсат Құдагелдин, Әлімбай Найзабаевтың мақалалары енді.


Шәкәрімтану мәселелері [Текст] : [сериялық ғылыми жинақ] / Семей мем. пед. ин-ты, Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы; [құраст. Т. Шаңбай]. - Алматы : Раритет, 2008 - 6-т. - . - 352 б.



Ғылыми еңбекте жазба дәстүрді қалыптастырудағы, нығайтудағы, жазба дәстүр арқылы стильдік тармақтарды жетілдірудегі Шәкәрімнің қызметі көрстетіліп, сол тұстағы тілдік нормаға көңіл бөлінді. Кітапта ақын тіліндегі қолданысы жиі жекелеген өзек сөздер мен ақынның сөздік қоры оның идиостилін анықтау мақсатында талданды.

Момынова, Б. Бағдан. Шәкәрім поэзиясының тілі [Текст] : (лексика-функционалды ракурс) / Б. Бағдан. Момынова. - Алматы : Арыс, 2008. - 253,[3] б.






Сейсенұлы, Д. Дәулет. Шәкәрім [Текст] : ғұмырнамалық деректі хикаят / Д. Дәулет. Сейсенұлы. - Алматы : Қазақстан, 2009. - 254,[2] б.




2008 жылы Шәкәрім қажы Құдайбердіұлының туғанына 150 жыл толды. Соған орай жазылған бұл кітапта кезінде жолсыз жазаға ұшыраған ақын өмірі мен шығармашылығы нақты деректермен баяндалған. Қалың көпшілікке арналған танымдық сипаттағы бұл кітап өз оқырманын табады деп ойлаймыз.



«Ақиқат жеңбейтін ел де, жер болмақ емес», деген Сіздің әділ сөз нендей көрегендікпен айтылған. Рухыңыз тірі, дана баба! Сізге қарап бой түзеп, ой түзеп, сөз түзеп келеміз.

РОЛЛАН СЕЙСЕНБАЕВ



«Дала данасы» атты еңбек халқымыздың өмірінде үлкен орын алатын тарихи тұлғалардың бірі Ш.Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығына арналған. Жинаққа Ш.Құдайбердіұлының таңдамалы еңбектері және ол туралы шәкәрімтанушылардың ғылыми зерттеулері енгізілген.

Дала данасы [Текст] : (ұлы ойшыл, философ тарихшы, қазақ әдебиетінің классигі Шәкәрім Құдайбердіұлына арн.). - Алматы : Орталық ғылыми кітапхана, 2009. - 259,[1] б.



Шәкәрім, (. Шаһкәрім). Жүрегінді нұрмен жу [Текст] : монография / Шәкәрім (Шаһкәрім). - Жидебай : Халықаралық Абай клубы, 2009. - 95,[1] б.




Шәкәрім шығармашылығы қазақ және әлем мәдениеті контексінде [Текст] : халықаралық ғылыми-практ. конф. материалдары, 12 қыркүйек 2008 ж.: Ш. Құдайбердіұлының 150 ж. мерейтойына арн. / ҚР білім және ғылым м-гі, Шығыс Қазақстан обл. әкімшілігі, Шәкәрім атын. СМУ; [ред. алқа Ш. А. Құрманбаева және т. б.]. - Семей : Шәкәрім атын. СМУ, 2008 - Т. 2 = Творчество Шакарима в контексте казахской и мировой культуры. - 194, [1] б.

Шәкәрім шығармашылығы қазақ және әлем мәдениеті контексінде [Текст] : халықаралық ғылыми-практ. конф. материалдары, 12 қыркүйек 2008 ж.: Ш. Құдайбердіұлының 150 ж. мерейтойына арн. / ҚР білім және ғылым м-гі, Шығыс Қазақстан обл. әкімшілігі, Шәкәрім атын. СМУ; [ред. алқа Ш. А. Құрманбаева және т. б.]. - Семей : Шәкәрім атын. СМУ, 2008 - Т. 1 = Творчество Шакарима в контексте казахской и мировой культуры. - 356, [1] б.

Шәкәрім [Текст] : энцикл. / [бас ред. Е. Б. Сыдықов]. - Семей : Тенгри, 2008. - 863,[1] б.



Энциклопедия қазақтың классик ақыны, ойшыл Ш. Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылық жолына арналған. Ақынның өскен ортасы, мол мұрасы, дүниетанымы, эстетикасы, поэтикасы, қоғамдық-саяси ой-пікірлері, ғибрат тағылымы жан-жақты сөз болады.



Шәкәрім (Құдайбердіұлы, Шаһкәрім). Шығармаларының үш томдық жинағы [Текст] / (Құдайбердіұлы, Шаһкәрім) Шәкәрім (Құдайбердіұлы ; Шаһкәрім атын. СМУ. - Алматы; Жидебай : Халықаралық Абай клубы, 2008 - Т. 3 : Үзілмеген үміт : мақалалар, естеліктер, зерттеулер. - 655, [5] б.



Молдаханов, Ә. Әдебиет. Абай, Шәкәрім, Әуезов дәрістері [Текст] : оқулық: ҚР Білім және ғылым м-гі бекіткен / ҚР білім және ғылым м-гі. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 190,[1] б.

Оқулықта халқымыздың ұлы ғұламалары А.Құнанбайұлының, Ш.Құдайбердіұлының, М.Әуезовтың әдеби-ғылыми мұраларының Тәуелсіздікке қол жеткізген жиырма жылы ішінде зерттелу нәтижелері қарастырылған. Оларды жаңа көзқараспен қайта тану тұрғысында абайтанудың, шәкәрімтанудың, әуезовтанудың әлі ашылмай жатқан өзекті беймәлім тұстары бойынша тың деректер берілген.

Біреудің мінін көргенше,
Жамандығын тергенше,
Өз ойыңды мазалап,
Өз бойыңды тазалап,
Өзіңмен күрес өлгенше

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Салқынбай, А. Б. Шаһкәрім шыққан шың [Текст] : моногр. / әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2011. - 211,[3] б.




Монографияда Шаһкәрім ақынның шығармашылығы когнитологиялық бағытта талданып, идиостилі, жаңа сөз қолданысы ғылыми тұрғыдан жаңаша зерделенеді.



Монографиялық жинақ абайтанудың, шәкәрімтанудың жаңа зерттеу бағыттарында атқарылған жұмыстың негізінде әзірленді. Жеке монографиялық тарауларды белгілі әдебиеттанушы мамандар жазған. Еңбек әдебиет танушыларға, жас зерттеушілерге арналған.

Абай-Шәкәрім [Текст] : ұжымдық монография / әл-Фараби атын. ҚазҰУ ; [жалпы ред. басқ. Қ. Әбдезұлы]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2012. - 207, [3] б.





Кітап ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Е.Б.Сыдықовтың Мәскеудің (РФ) «Молодая гвардия» баспасынан «ЖЗЛ» сериясы бойынша орыс тілінде шыққан «Шакарим» кітабы негізінде әдеби өңделіп әзірленді.

Сыдықов, Ерлан Бәтташұлы. Шәкәрім [Текст] : [ғылыми - танымдық бас.] / Ерлан Бәтташұлы Сыдықов ; ҚР білім және ғылым м-гі, Философия, саясаттану және дінтану ин-ты, Л. Н. Гумилев атын. ЕҰУ. - Алматы : ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. - 440, [4] б.



Шәкәрімнің әдеби мұрасын зерттеудің мәселелері. : ғылыми мақалалары жинағы/ жалпы ред. басқ. Ө.Әбдиманұлы; құраст. Қ.Мәдібаева, Е.Солтанаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2016 – 156 б.

Отандық, шетелдік әдебиеттанушы мамандар мен бакалаврлық оқу сатысының студенттері әзірлеген ғылыми мақалалар жинағында Шәкәрімнің әдеби мұрасына әдеби ықпалдастық, діни ұстаным, текстологиялық тұрғыда жаңа зерттеу бағыттары ауқымында мән беріледі.

Филология мамандықтары бойынша білім алатын студенттерге, магистранттарға, әдебиеттанушы мамандарға арналған.

Құдайбердіұлы, Шаһкәрім. Жол табалық ақылмен [Мәтін] : өлеңдер / Шаһкәрім Құдайбердіұлы; [құраст. жауапты ред. Р. Сейсенбаев]. - Алматы : RS; Халықаралық Абай клубы, 2016. - 278, [2] б.

